

Ж. Молдабеков

## ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ҚАЗАҚТАНЫМДЫҚ ТӘЛІМІ

**Қазақтанудың** негізгі мәселелері – біріншіден, *қазақ болу, қазақтыққа жарау және қазақты құрметтеу, қазақты тану және қазақты таныту* дәстүрін қалыптастыру, екіншіден, *қазақ халқының рухани-мәдени дәстүрі мен құндылықтарын* үйлестіру және сақтау, үшіншіден, өз еліміздің патриоты бола отырып әлемдік *білім, информация және мәдениет кеңістігіне* шығаратын, өркениеттік сұранысқа лайықты *бәсекеге қабілетті* болу. Қазақтыққа жолдың әрқайсысы нақты және ауқымды екені көрініп тұр. Басты мақсат – бүгінге өркениетке лайықты қазақтыққа жарау және қазақпен бірге жаратылып, қазақпен бірге қалыптасып келе жатқан қасиеттер мен рухани мұрамызды бір арнаға тоғыстыру әрі жинақтау. Мақсаттың астарында – ұлт бірлестігін, оның рухани тұтастығын жаңғырту қамқорлығы басым. Иә, Қазақстан халқының рухани дамуына ұйытқы болатын осындай идеялық және теориялық-әдістемелі негіз керек.

*Қазақтану* - жалпыұлттық және ұрпақаралық ағартушылық жұмысты жандандырудың белді құралы және басты бағдары. Қазақтың рухани қалыбын қалыптастыру, оның рухани дүниесін бір арнаға келтіру, қазақ халқының рухани дамуын жүйелеу міндеттері – *ғылыми ізденіске, ағартушылық бастамаға және әлеуметтік қолдауға* мұқтаж. Бұл нақты да кешенді бастамаларға білімділік пен біліктілік қажет. Танымдық және практикалық маңызы осындай зор проблемаларды талқылау үшін **«қазақтану» мектебі** құрылды.

«Қазақтану» мектебі қазақтың бүгінгі мен болашағына жанашырлықпен қарайтын азаматтарына, нығыздап айтсақ, қазақ жастарына арналған. Мектеп жұмысы сол ықыласты да ынталы патриоттардың инициативасы мен іс-шараларына сүйенбек, көзге ілерлік патриоттардың ізгі бастамаларын түгендемек және түйіндемек. Қазақтану жаңа Қазақстанның жастарын іргелі проблемалар мен межеге сүйреме. Білікті де белсенді патриот жастар қазақтану мәселесін қозғай және көтере отырып, өздерінің мәртебесін көтеретіні хақ. Қазақтану – ұлтжанды жастардың әлеуеті мен белсенділігін арттырады, ал жастар болса қазақтану ауқымын ашады деген ойдамын. Қысқасы, өсиеттерді нұсқа етерлік, жанды мәселелер жетерлік.

XXI ғасырда қазақтың ұлттық-тұлғалық, әлеуметтік-мәдени жаңаруы анағұрлым қарқындауда, қазақтың ел мен ұрпақ алдындағы жаңа ықпалдастығы жүйелі артуда. «Қазақстан – 2020 стратегиялық жоспар» бойынша еліміз өзінің

әлеуметтік өміріндегі рухани-моральдық құндылықтарын әлемдік сахнада сақтап қалу және оны жаңғыртып күшейту мәселесін өрелі мақсат ретінде қарастыруда. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа қарқынына лайық тұлғалық қабілет, қазақи қасиеттер және жаңа әлеуметтік ықпалдастық керек. Елдік пен ерлік болмай егемендікті енсері алмаймыз. Егемендіксіз елдігіміз бен өз болмысымызды, сірә, жаңғырта алмаспыз. Елдігі артық бірлікте келер ұрпақтың жүзі жарқын бола бермек. Президентіміздің 2010 жылғы Жолдауының түпкі мақсаты – «еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу» [1]. Ұрпақ алдындағы осындай үлкен жауапкершіліктен алда әлеуметтік табандылық туындары -күтерлік жай.

«Қазақтану» мектебінің алғашқы беташарын *ұлттық рух* мәселесіне арнап отырмыз. Неге? *Ұлттық рух несімен құнды?* Ойымызды қысқаша қайырып көрелік. 2010 жылдан бастап еліміз өзінің жаңа стратегиялық даму кезеңіне енуде. Елдік пен ерліктің сауыты мен сауығар аясын ұлттық рухпен баламалаудамыз. Үйткені еліміздің ұлттық сипаты, сабақтастығы, сергектігі – оның ұлттық рухында. Ұлттық рухты, әмісе, өз елі мен ұрпағын, өз жері мен жерлестерін ұлағаттап құрметтегенде, іште сіресіп қанаттанатын көтеріңкі күй, сондай тұтас бітімділік деп ұғамыз.

Олай деуге негіз бар. *Ұлттық рух* дегеніміз, біріншіден, елдік пен ерліктің сауыты және самғауы, қазақтанудың деңгейі мен демеуі, екіншіден, туған жердегі әлеуметтік-мәдени тұтастықтың бастауы – тілдің, ділдің, діннің бағдары, осы үштік ғұмырдың ұлттық сипаты мен жақтарын көтермелейтін дәнекерлік; үшіншіден, қазақтың сандық және сапалық өсуінің өмірлік құндылықтарын құптаудың демеушісі, қазақ ұрпағында патриоттық сана-сезімді жаңғыртудың қозғаушы күші іспетті. Ойымызды сараптай, сабақтай түссек, ұлттық рухтың *түп-тамыры* – кең даладағы балбас тастардың мұңы мен беймәлім мүрделердің тарихында, ел мен туған жердің бедерін сақтап, бірлестігін нығайтқан тағдырымызда, сондай ірілікке ұйытқы болған діліміз бен дінімізде, рухани құндылықтарымызбен тіл қатыса білуімізде; ұлттық рухтың *қуаты* – ұлттық құндылықтар мен қасиеттерді қолдауда, қорғауда, халқымыздың басын біріктірген береке мен біріктіретін беделге иелік етуде; ұлттық рухтың *негізі* – Отандық сезімге лайықты бітім мен

бірлікте, келісім мен бірігуде демекпіз. Өтпелі кезеңде рухани құндылықтар халықтың күнделікті өміріне, қоғамдық санаға, тұлғалық дүниетанымның қалыптасуына едәуір әсер ете бастады. Содан өз ұлтыңды ұлағаттамай, оның енбеккері мен еңселілерін елемей, рух қайдан келмек, кімге енбек демекпіз.

Оның үстіне біз ұлттық мүддеге, азаматтық қоғамға, зайырлы мемлекетке қатысты мәселелерді қозғап отырмыз. Осы үш деңгейдің өлшемін – ұлттық рухты қоғамдық сананың, адамдардың ішкі мәдениеті мен тәлім-тәрбиесі биіктігін білдіретін категория ретінде қарастырамыз. Жаңа заманда, жаңа кезеңде қазақтың мәдениеті мен ұлттық рухын зерттеуге қосатын үлес, айтар ой-пікір нақты да аумақты, тың да кешенді болу керектігі онсызда аян. Оған жүйелі көзқарас пен әдістемелі әрекет керек. Өкінішке орай, әзірге екеуі де жетіспейді.

Ұлттық рух сананың кемелділігін, мінездің жігерлігін жетілдіруге арналған, соған мұқтаж. Ол елдің бүтіндігін, оның іргелі де ірі жақтарын сақтауға арналған. Ұлттық рух кейінгі ұрпақты үлкендердің ұлағатты жолымен жүруді, әрдайым ізгілік пен қырағылықты серік етуді, өмірде болашаққа қажетті сұранысты жүзеге асыруды мұрат тұтқызады. Иә, ұлттық рух - биік бітімділік, бітімділікте демеулік табатын ерік-жігер, еркіндік пен өжеттілік. Келелі кісілік қасиеттер қандай түрде болмасын қиыншылық пен кемшілікте үгілмей, қайта жақсылыққа жол салуда шыңдалады.

Ұлттық рух адамның өзін-өзі кемелдендіретін, жігерлендіретін, жетілдіретін патриоттық бастамамен және бағытпен етене аралас. Рухы бай адам өнерді жан-тәнімен сезініп, адами құндылықтың кемелденуіне қашан да ықпал етеді. Рухы биік өзімшілдік пен өрескелдікке ығыспайды, өзін өрелі іске дұрыстайды. Өрелікке теріс қарамай, қайта өз бетінше өрістеу – *ар-намыстың* ісі, намыскердің ындыны. Өзінің жеңісі мен жетістігін өнегесімен дәйектеп келе жатқан тұрлаулы тұлға – иманды, нағыз патриот. Имандылық қуаты, бір жағы, сенімді, илануды, мойындауды, мойынсұнуды білдіретін құндылықтар жүйесінде, бір жағы, мінез-құлық пен болмыс-бітімге қамқоршылық ететін ақыл-ес, сана-парасат шоқтығында. Сондай екі бірдей көркем әдептілікті іріктеп, эстетикалық талғамды сақтап тарату – ынталы ықыласты немесе патриоттық сезімді қажет етеді. Патриоттық ынталылық – жұмыста да, тұрмыста да өз ісін беріле атқаратын, жүрген жерінде ұмытылмас із, артында жақсы сөз қалдыратын азаматтыққа арқау. Азаматтық – патриоттықта, оны ардақтайтын адамның қайратты қасиетінде, іскер қабілетінде, білімі мен біліктілігінде, үйлесімді ақылы мен тәжіри-

бесінде. Имандылық, патриоттық – мәдениеттілік пен тектіліктің айғағы. Тектілер қашанда жақсылық пен жарастыққа жол ашқан. Отбасын сақтаған да, отанын қауіптен алдымен қорғаған да – тектілер, текіден текті болып туғандар. Тектіліктің белгісі әділдік, білімділік, ақылдылық, мәдениеттілік адами қасиеттер арқылы дариды, тәрбие арқылы беріледі. Тектілердің ұстанымы мен ұсқынын ақын дөп жеткізе білген:

Тереңнен тебіреніп ой тереді,  
Тектіліктің тербелген бәйтерегі.  
Қасиетті өлкенің перзенті,  
Тұнып тұрған шежіре көкірегі.  
Қайраткері қоғамның қатардағы,  
Қара тұрмақ, ханың да бата алмады.  
Кестелеп, дестелеп те сөйлейтұғын,  
Қазақы қара тілдің қаһарманы,  
Кісіліктің бұзылмаған қамалындай.

(Дәмеш Өмірбаева).

Сонымен, ұлттық рух адами ұстанымнан, адамгершілік ізгілік пен азаматтық белсенділік тоғысында туындайтыны аян. Адами ұстаным өз отанында азаматтық белсенділікке айналады, ізгі істерді соған үйіреді. Мұндай баянды бедел ұлттың өзін-өзі сақтауға, оның ішкі тынысын тыңайтуға демеулік. Демеулік әркімге тән, ортақ айнымас абырой болса деген үміт өз еліндегі еңселілерді үйіре түсуде. Қуанып та, жұбанып та елдегі еңселілерді тілге тиек етіп отырмыз. Олардың ынта-ықыласы рухтың ұлттық сипатын, елдің әлемдік қауымдастық алдындағы беделін, сондай-ақ азаматтың ел болашағы алдындағы жауапкершілігін білдіреді. Бұл тұрғыдан рухты өркениеттіліктің іштегі өрісі әрі азаматтық өресі деуге тұрарлық. Оның мағынасы азаматтар қауымының жемісінен, соңғының ұлттығын айқындайтын мән-мазмұнымен жаңарады.

Ұлттық рух түрлі құндылықтарға сүйенеді, әрқалай бағдарды ұстанады. Дәуір мен деңгейдегі рухани ерекшеліктерді дұрыс және толығырақ жеткізу үшін ұғымдық түсінікке, оның эволюциялық арқауы мен қолданылуына ұқыпты болуымыз абзал. Оған нақты пікір мен көзқарас, танымдық талдау мен жанашырлық құнттаушылық қажет-ақ. Рухани тәуелсіздік осындай бастау мен саясаттан нәр алмақ, аяғына тұрмақ.

Рухани сипат мен сабақтастықтың елдік пен ерліктің сауығы және тірегі болуы - әлеуметтік қажеттілік. Елдің рухани таңдауы нақты халық пен қоғамның болмысымен үйлесіп, ұштасып жатса, онда ұлттық рух сапалы сабақтастыққа ұйытқы болып, өркениеттілік тоқтамына айналмақ. Тіпті жасампаздықтың құралына айналады. Ойымыз негізсіз емес. Ұлттық рух *саяси*

тұтастықтың, әлеуметтілік әділеттіліктің, мәдени жаңарудың тәжірибесіне сүйенеді, сондай ерекше құндылықтарға жүгінеді. Ұрпақтық ынтымақ пен серіктестікті ту ететін рухани тәжірибе әлеуметті тұрғыдан әділетті де әсерлі келеді. Олай деуге себеп, рухани тәжірибе ұлттың өзіндік сана-сезімі мен мүддесін арқау етеді. Ұлттық мүдденің негізін құрайтын мұндай мәселелер дау-дамайдың объектісі бола бермейді. Айтпағымыз, енді ұлттық сана-сезім мен мүддені қолдайтын бүкілхалықтық күресті табандылықпен демейтін кез келді.

Рухтың ұлттық сипаты адам мен табиғат тұтастығынан, туған жердегі Отан мен халықтың қарым-қатынасынан, олардың рухани сенімінен қалыптасады, құралады. Сенімді зейіндеу барысында рух үнемі жаңғырады. Заманымен бірге, кейде оза жаңғырған сенім халықтың бай тәжірибесіне айналады. Онда ата-баба рухы жалғасады. Ұлттық рух жетілген сайын біртіндеп а) адам тірлігінің көсегесін көгерте түсті, ә) халықтың бай тәрбиесіне айналды, б) халықтың ұлылығын жеткізді. Рухтың ұлттық ұлылығы халықтың адамгершіл қасиеттері мен салт-дәстүрін жинақтайтын жүйеде, әдептіліктің тәрбиелік маңызынан айқындалады. Қос факторда ұлттық құндылықтарға барынша зор маңыз береді.

Ұлттық рухтың тиегі әдеп пен әдебиетте. Әдеп деп отырғанымыз адамның ішкі қасиеттерін ширататын тәрбие, ішкі тәртіп, ар-намыс, ұят, салт-дәстүр көріністері. Оның басты міндеті – адамдық пен ұрпақ тәрбиесін реттеу, сапалы қасиеттердің қосындысын жалғастыру, асылдың сынығын шынықтыру; адамның әлеуметтік һәм рухани сұраныстарын өтеу; ақыл мен қол көмегімен арманға жету. Бәрі де көшелі мәселелер мен міндеттер. Әдептілік – естіліктің, еркіндіктің, ішкі ерліктің көрінісі. Әдебиет – әдепті әдіптейтін жүйенің желісі. Оның мән-мағынасы ұрпақ тәрбиесінің тиімді және көркем жақтарына көз бен көңілді жұмылдыру барысында анық білінеді.

Айтып отырғанымыз, өрлеу жолымызға өмірлік өлшем және мұражайлық орталыққа бас қосуға кең қолтық болатын рух сергектігі. Рух сергектігін, мысалы қытайлықтар, «адам өз тағдырын жасауға, өзін қалдықсыз жүзеге асыруға мүмкіндік беретін «сәтті жағдаймен» үйлестіреді, ерік-жігердің «жасандылықсыздығына, тыныштығына және тазалығына» балайды, қысқасы, «өмірге деген сенімділікпен» байланыстырады. Рухани сергектік – адамның өзін тазалықта ұстаудың және өмірдің толық қозғалысына өткізудің кепілдігі [2]. Біліп біріккен сайын болашақтың жақын, жарқын болары күмән тудырмайды. Үйткені ұлттық рух өткен жолымыздың өткір желісі ғана емес, оған

ортақ есеп; бүгінгі албарымызға ойсалар дінгек ғана емес, санадағы сауаттылық пен өнімділікті еселеу; тәуелсіз санамыздың болашақ серпілісіне жетекшілік. Осындай мәнді сипаттама өмір салтымыздағы сапалық сабақтастықты білдіреді, рухани тәуелсіздікке деген әлеуметтік демеулікті иіндіреді.

Түсінікті нығыздай түссек, тәуелсіздіктің тынысы бүгінгі таңның қиыншылығы мен дағдарысына төтеп беруде ғана емес, тәуелсіздікті іштей тірек еткен бағытты бетке ұстауда. Ұстанымның ықпалы – жұдырықтай жүректегі «елім, жерім, жұртым» деп соқтыратын іңкәрлікті, ынталылықты түсінуден әрі түсіндіруден, сол арқылы жетілу мен жетілдіру бағытын айқындаудан білінеді. Іштей бітесу мен әлеуметтік бірлік аясында рухани күш әлденеді. Іштегі рух піл сипайтын соқырлықтың ішқұсасынан емдейтін қоспа ғана емес, адамға пана боларлық жайларды жақсартатын өр мінезділік. Рух – сергек жүректің әлемі. Сондағы өрелікте әрекетті ілгері бастайтын тірлік, болашақты ойлатқызатын ізгілік деп ұғынушылық басым. Содан рухты елдік пен ерлікті түгендеуші ішкі қасиет, оның қайнар көзіне үкідей сақ болдырғызатын қабілет-қайсарлыққа балаушылық қалыптасуда. Рух рабайы бес сапалы өлшемнен – *тазалықтан, туралықтан, түсіністіктен, татулықтан, тұтастықтан* білінеді, осы рауанды қасиеттер арқылы қанша ұландар саргідір тартты, күнделікті сарпылдан айыққандар көптің көңіліне ілікті.

Стратегиялық бағытта елдігімізді сақтап қалу, соған лайықты жалпы халықтық ерлікке байланысты екенін тарихымыз тәптіштеп берді. Елдігіміз бен ерлігіміз қоғамымыздың бірлігін арттыратын, халқымыздың күш-қуатын көбейтетін бастама, оның тұғырын көтеретін тетік екенін тарихымыз қанша мәрте тәптіштеп берді. Осы елдік пен ерлік тоғысында қазақи қасиет қалыптасты десек, онымыз асыра сілтеушілік емес. Тірі рух арқылы адамның бойында *ұлттық, халықтық, елдік, мемлекетшілдік* қан ойнады. Қаны қызулы жандардың, отандастардың бойында ұлт болмысын ұғынатын жігер, отаншылдық қайрат басым болды. Осындай күш-жігердің ілгері басуына септік тигізу – бүгінгі әлеуметтілік қажеттілікті мойындаушылық әрі құптаушылық. Қажеттілік деп отырғанымыз – елді біріктіретін күш-қуатты іске асыру, осы бағыттағы *патриоттық, рухани, ұлттық тәрбиені* жетілдіру.

Патриоттық тәрбиенің түренін – дәстүрге берік, әдет-ғұрыпқа адал, болмысты үйлестіретін азаматтық әрекетте, ерліктің жарастығы мен естіліктің жаңашылдығын қолдауда, ұлттық идея мен мүддеге арналған қамқорлықты қолдануда деп ұғалық. Ұлттық мүддедегі

нұсқалық – ел мен мемлекет тірегін дайындайтын, тәрбиелейтін жұмыста. Патриоттық сезім өзіне қымбат, өзгеге құнды қасиеттерді сабақтатқызады, тек қажырлы қабілеттерді ұлағаттайды. «Тәрбиенің ең бастаушысы – жеке бастың үлгісінде» дейді халқымыз. Ұлағатты үлгіден күш-жігер, ұлттық мұрат нәр алады. Өмірлік құндылықты жеткізетін әрі тарататын әрбір оң бастаулар ендігі еркіндікті елдікпен теңестіріп, бауырмашылдықты бірлікте түлетіп, білгірлікті ерлікпен күшейтіп. Әр онтайлы да озат істің байыбына барып, оларды ұлағатты үлгіні тәрбиелеудегі ұрпақтық ұмтылыс деп қабылддық. Сондай таянышқа сүйеніш те қорғаныш та керек деп, оны қолдалық.

Үйткені сіз бен біздің болашақ кейпіміз, келбетіміз ұлттық рухтың дінгегінде десек, рух деңгейі батылдық пен батырлықтың айғағы әрі осы ұғымдар мен дәстүрді байыптайды. Ұлттық рух даналыққа тіреледі, көріпкелдікке сүйенеді, елдік болмысымызбен біте қайнасады. Ел – ерге, ер жерге қараған заманда тіпті қазақтың қыздары қарекет қамын жасады. Ер етігімен қан кешкен, ат ауыздықпен су ішкен жаугершілік кезде қарашаңырақтың отын өшірмей, ерінің артын бағып қалды. Қазақ қыздарының көрікті көздеріне, сұлу бейнесіне, қазақ әйелдерінің нәзік сымбатына, биік те текті рухына бас иелік. Әйел рухы көңіл-күйдің жазығы, тартымды өмір азығы, отбасының қазығы екенін құрметпен есте тұтып, әдебімізде тірілтелік.

Рухтың осылайша танымдық және тарихи тұрғыдан серпілуіне патриоттық тәрбиемен қатар *рухани тәрбие*, *ұлттық тәрбие мен қазақтану* тиек те, тұтқа да болады. Рухани-патриоттық тәрбие көне де, көлемді, ал ұлттық тәрбие мен қазақтану – көңіл тартар, ерікті жаратар бастама. Екі бағдарламаның бастауы ортақ болса да, дәстүрі мен тілдік деңгейі бірдей емес. *Рухани тәрбие* – иман жемісі және кемелдік белгісі, көркем ахлақ пен әдеп. *Рухани тәрбиенің мақсаты* – жамандыққа бейімдікті мүмкіндігінше жойып, адам бойында жақсылықтың басымдығын қамтамасыз ету. Осы тұрғыдан сараласақ, жүрекпен байланысты амалдар мен жаттығулар барлық нәрселерден маңызды болмақ. Рухани тәрбие рухани тазалықтан басталады, иманшартты әдепте жалғасын табады, әрі адамның нәпсісі мен рухына байланысты барлық мәселелермен шұғылданады. Оның міндеті: жүректе орныққан тәкаппарлықты шығару, көркем ахлақты ұстанып, жаман қылықтан арылу, адамдық сүйіспеншілік пен шынайылыққа ие болу. Адам нәпсісінен арылып бақытқа жету үшін *жүректі агартуы, ішкі және сыртқы дүниені нұрландыруы, мінезді жақсартуы, рухани ақиқаттарға ие болуы* шарт. Көркем мінез-құлық «иманды

еліктеушіліктен құтқаруда қалыптасады, пікір мен іс-әрекеттерге жөн беретін ихсан сезімімен» ұштасады, басым қасиетпен айналып, жағымды дәстүрмен бірге өмір сүреді. Рухани тәрбиенің тетігін адамның тартымды дәстүрінен – сырлы септестік пен әдептен, адамның қатынастық кеңестігі мен рухани демеуліктен іздестіреміз. Рухани демеулік ақиқатты дін негізіне сай дәрежеде ұстанса, сондай деңгейдегі ұмтылысты да қолдайды. Адам Құран ақиқаттары арқылы рухани әлемдегі дәрежелер мен олардың соңындағы кемелдікті (сүйіспеншілікті, мейірімді, жомарттықты, кешірімділікті, шүкіршілікті және т.б. ұлы қасиеттерді) қарастырады. Мақсат: «Аллаһқа ең тамаша әрі шын беріліп, құл болу». «Діннің мақсаты – жақсы, нәзік рухты және ішкі жан дүниесі тазарған адам тәрбиелеп жетілдіру» [3].

*Рухани тәрбие* алдымен адамның өзі үйренетін, өзі үйлесетін саяға талпындырады. Рухқа талпыныс – үлкен сүйіспеншілік пен махаббатқа талпыныс, жүрек кемелдігіне, шынайы мәңгілікке жол тарту. Өнегелі өмірмен іштей және сырттай бітісіп, терең сүйіспеншілікпен қайнасқан жанның рухы биік, бітімді, беделді. Беделді бітім руханияттан, діннен нәр алады. Әдепті өсиетті ой жүгіртіп оқиды, бар ықыласымен іште тоқиды, шындыққа өз болмысымен бойсұнады. Жүрекке оралған сезім мен құндылық ұтымды іс-әрекет пен үлгілі тәжірибені тоғыстырады, хикметтің мәні мен ауқымдылығын аша түседі. Рухы күштілер адамды қабілеті мен түсініктеріне қарай немесе сүйіспеншілігі мен дарындылығына орай қабылдаған, құрметтеген.

Қазақтың ұлттық тәрбиесі өркениетаралық үйлестік, ұлысаралық қарым-қатынас барысында қалыптасты дерлік. Қазақтың түбірі көне тарихпен түптес, түрлі заманның қысымы мен сынынан өтті. Шығыстан – Қытай, Моңғол, парсы мәдениеті, батыстан – славяндық мәдениет арқылы басқа да әлеуметтік-мәдени ықпалдастықты бастан кешті. Қазақтың ататегі тарихи кезеңдер мен түрлі өркениет тоғысының айғағындай. Қазақ болмысы алуан ру-тайпалар мен ұлыстардың жиынтғынан туындаған. Содан ұлттық тәрбиенің тәжірибесі де, тілі де алуан болған. Оларды саралайтын, жинақтайтын білімділік әліде тұтас жетісе бермейді. Жалпы білімділік болмай тәрбие туралы дұрыс түсінік те қалыптаспайды. Білім – шындыққа жол. Таза шындыққа сүйенбей, ұлттық тәрбиенің қабырғасы қаланбайды, қадағасы қағылмайды. Қазақтануда әдіскерлік амал-әрекет шындыққа ғана жол ашпайды, халықтық өмірдің тәжірибелік негізін аумақтайды. Түптей келсек, қазақтану ұлттық тәрбиенің әдістемелі негізіне жарарлық тың сала.

Ұлттық тәрбие мен қазақтануға ортақ тартылыс күші бар. Ол өз ұлтына, өз қандастарына деген сүйіспеншілік. Білім – тәсілмен, тәсіл -сүйіспеншілікпен ұласып жатса, ұлттық рухтың жетістігі сонда. Өкінішке орай, әзірге білгеніміз әдіскерлікке жарай бермейді немесе білім ел-жұртты сүю құралына айналған жоқ. Ұлттық тәрбие мен қазақтану білімді, әдіскер адамды, елін сүюге, ұлттық қасиеттерді құрметтеуге үйретеді, сондай бастамаға ұйытқы болады. Ұлттық рухты қалыптастыратын, көтермелейтін жайда көзсіз еліктеу орын ала бермейді. Өзге елдер мен халықтар өнерінің озық үлгілерін қабылдай отырып, ұлттық өрнекті сақтау, сабақтау – ұлттық рухты ширату, өзімізді қазақты әр салада, әр кезеңде ояту болып табылады.

Қазақтану түрлі көркемдік дәстүр мен білімдер саласының жүйесі болатын теориялық-танымдық негізге, оның әдістемелі деңгейіне сүйенеді. Оның тарихы, тілі мен тәжірибесі ұлттық, қазақи болса да, танымдық тәсілі мен бағдары ұлттық шеңбермен, бір деңгеймен шектелмей әр замандағы тілдік құрылымы да жаңарып, жетіліп жатты. Қазақтанудың құралын көркем, тұрмыстық, ғылыми және түрлі ғылым тілдері, ұғымдары құрайды. Ол дегеніміз қазақтануда қолданатын сөздердің ұғымдық маңызын ашып беру абзал. Қазақтану саласын

саралау тұрғысында білгірлік, талассыз талғаушылық көрсету ұзақ туындыларға жатады.

Ел мен ел тағдыры тілге тиек, үмітке ниет болғанда, алаштың азаматы күншіл, міншіл, көзсіз сыншыл болмай, терең бірігу сезімін тәрбиелеуге ынталы. Одан қазақты да, Қазақстанды да ерекше *тұлғалы топ, ел-жұрт, ұлттық мемлекет* ретінде қарастыруға мүмкіндік артпақ. Қоғамды ұлттық мемлекет төңірегіне, ал ұлтты өзіндік бағдар негізінде топтастыру мақсатына бағытталынған дәйекті саясат жүзеге асырыла берілуі – кәсіби де, қоғамдық сұраныстың айғағы.

1. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық жетілу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. //Егемен Қазақстан, 30.01.2010

2. В. Малявин. Қытайлықтардың табысқа жету құпиясы. //Мәдениет және ориентализм. Алматы, «Жазушы», 2006, 388-389 беттер

3. Иманнан Ихсанға ТАСАВВУФ. Осман Нұри Топбаш. Алматы, 2009, 29 б.

\*\*\*

В статье раскрывается природа национального духа и его место в культуре казахского народа и казахтану.

\*\*\*

This article shows us the nature of nation soul and its place in the culture of Kazakh nation and in kazakhtanu.

*А. Г. Карабаева*

## О МЕТОДОЛОГИЧЕСКОМ ПОТЕНЦИАЛЕ КОМПАРАТИВИСТСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ

В исследовании инокультурного мира и мышления почти всегда всплывает задача адекватного описания и понимания. Практически повсеместно, любого исследователя преследует проблема «удержания» или выработки критериев адекватности описания, а также обозначения границ исследовательского подхода и ожидания. Поиск единства оснований или культурных универсалий оставляет шанс только лишь на вскрытие различия смыслового содержания. В данной ситуации окажется неприемлемой импликация очевидности, логической когерентности, непротиворечивости, то есть любой традиционный подход, либо «формальная» установка. На сегодняшний день имеют место социокультурные парадоксы, вскрываемые в рамках проблемы интерпретации и понимания в современном информационном обществе. Этот парадокс связан с требованием необходимости переноситься в другое

культурное пространство в современной культуре и политике. Этот парадокс, в свою очередь, отсылает к еще более фундаментальному вопросу: каким образом человек способен осуществлять процедуру понимания другого, сохраняя собственную социокультурную идентичность. В данном случае звучит весьма амбивалентный ответ, связанный с тем, что именно нерациональный дискурс в глобальном мире может быть весьма плодотворным. Сегодня однозначно озвучивается «закономерность» создания новой систематической логики «взаимозависимого социокультурного партнерства» и диалога культур в глобальном мире, а сравнение возможностей западного и восточного дискурсов становится повсеместным делом для многих «методологий». Многие из этих вопросов привели к становлению и институционализации компаративистских исследований и компаративистской методологии. Часто